



БҰЙРЫҚ
11.09.2023ж
Атырау қаласы

ПРИКАЗ
№ 137
город Атырау

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 2-тарауының 4-тармағы негізінде және Атырау облысы әкімі аппаратының басшысымен бекітілген, 2023 жылға арналған «Сыбайлас жемқорлықпен күрес және оған қарсы іс-қимыл» №4 үлгілік базалық бағытын жүзеге асыру жоспарына сай, **Бұйырамын:**

1. «Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМКда (бұдан әрі-ОПДО), сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу үшін төмендегі құрамдағы жұмысшы тобы құрылсын.

1) Дюсенғалиева М.Н.-директордың экономика мәселелері бойынша орынбасары;

2) Добрынина С.О.- дәрігер психиатр-нарколог;

3) Мурсалимова Б.И.-комплаенс қызметкері;

4) Демесинова М.- кәсіподақ комитетінің мүшесі;

5) Ахметов С. А. – Байқау кеңесінің хатшысы;

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау наркология бөлімшелері бойынша жүзеге асырылсын:

1) ОПДО наркология бөлімшесі қызметі бойынша қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2)) ОПДО наркология бөлімшесі ұйымдастырушылық-басқарушылық және медициналық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу кезеңі: 18.09 - 28.09.2023 жыл. Ішкі талдау бойынша анықтама қалыптастырылсын.

4. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою туралы ұсынымдар бар ішкі талдау анықтамасы кәсіпорынның бірінші басшысына қарау және шаралар қолдану үшін 2023 жылдың 29 қыркүйекке ұсынылсын.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың анықтамасы 02 қазанға дейін Атырау обысы Денсаулық сақтау басқармасына жолданып отырылсын.

7.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған (қабылданып жатқан) шаралар туралы ақпарат кәсіпорынның интернет-ресурсында орналастырылсын.

8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жауаптылық компленс қызметкері Б.И.Мурсалимоваға жүктелсін.

Директор:

Е.Е.Кдрсихов

Орынд: Г.Бисатова

Заңгер: Мурсалимова Б.

Бұйрықпен таныстырылды